

2025 жылдың қаңтар айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 44,1 млрд. теңгеге 120,6 мың ақша аударымдары жіберілген. 2024 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 23,3%%-ға азайса, көлемі 26,4%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2025 жылдың қаңтар айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 9,8% және жалпы сомасының 7,6% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 90,2% және 92,4% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың қаңтар айында шетелге ХААЖ арқылы 40,7 млрд. теңге сомаға 108,8 мың транзакция жіберілді. 2024 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 25,9%-ға азайса, көлемі 28,3%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 15,3 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі - 37,6%), Түркия – 8,6 млрд. теңге (үлесі – 21,1%), Өзбекстан – 6,9 млрд. теңге (үлесі– 16,9%), Грузия – 2,4 млрд. теңге (үлесі – 5,9%), сондай-ақ Қытай -1,9 млрд. теңге (үлесі – 4,6%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сوماдағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	92,75	85,2%	31 199,82	76,6%
Вестерн Юнион	9,71	8,9%	6 383,80	15,7%
UPT	1,59	1,5%	1 477,95	3,6%
MONEYGRAM	1,13	1,0%	1 264,71	3,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,65	3,4%	421,82	1,0%
Жалпы жиынтығы	108,84	100,0%	40 748,11	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сوماдағы үлесі, %-бен
Ресей	70,18	64,5%	15 301,96	37,6%
Түркия	13,24	12,2%	8 586,25	21,1%
Өзбекстан	13,81	12,7%	6 904,24	16,9%
Грузия	1,25	1,1%	2 412,71	5,9%
Қытай	1,21	1,1%	1 857,01	4,6%
Қырғызстан	2,70	2,5%	1 468,17	3,6%
Әзірбайжан	0,92	0,8%	1 126,42	2,8%

Армения	0,40	0,4%	683,85	1,7%
Корея Республикасы	0,46	0,4%	417,47	1,0%
АҚШ	0,43	0,4%	367,37	0,9%
Басқалар	4,24	3,9%	1 622,66	4,0%
Жалпы жиынтығы	108,84	100,0%	40 748,11	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 22,4%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 49,4%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 61,2% және 38,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың қаңтар айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 15,8 млрд. теңге сомаға 48,1 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2024 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 23,8%-ға азайса, көлемі 18,9%-ға азайды.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 3,2 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 20,3%), Америка Құрама Штаттары – 2,7 млрд. теңге (үлесі – 17,0%), Түркия– 1,7 млрд. теңге (үлесі – 10,5%), Өзбекстан – 1,6 млрд. теңге (үлесі-10,4%), сондай – ақ Корея Республикасы – 1,5 млрд.теңге (үлесі-9,5%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	20,33	42,2%	7 143,44	45,1%
Вестерн Юнион	16,70	34,7%	5 439,82	34,3%
MONEYGRAM	8,23	17,1%	2 981,88	18,8%
UPT	0,24	0,5%	85,34	0,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,64	5,5%	195,56	1,2%
Жалпы жиынтығы	48,15	100,0%	15 846,04	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен
Ресей	15,96	33,2%	3 212,65	20,3%
АҚШ	6,90	14,3%	2 687,81	17,0%
Түркия	4,29	8,9%	1 657,51	10,5%
Өзбекстан	2,61	5,4%	1 646,41	10,4%
Корея Республикасы	2,22	4,6%	1 505,65	9,5%
Германия	6,94	14,4%	1 234,09	7,8%
Қырғызстан	1,00	2,1%	571,96	3,6%
Грузия	0,68	1,4%	467,67	3,0%
Әзірбайжан	0,43	0,9%	394,17	2,5%
Израиль	0,68	1,4%	213,71	1,3%
Басқалар	6,43	13,3%	2 254,41	14,2%
Жалпы жиынтығы	48,15	100,0%	15 846,04	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,6% және жалпы сомасының 63,6%) және қазақстандық теңге (тиісінше 25,6% және 16,0%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

